

**Шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2999. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 554 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.28 № 554 Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10)тармақшасына сәйкес  
**б ұ й ы р а м ы н** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) "Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесін ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар";
- 2) "Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар";
- 3) "Орталықтандырылған жер беті суын ластаудан қорғау жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

*К е л і с і л г е н*  
*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р л і ғ і*  
*С у р е с у р с т а р ы ж ө н і н д е ғ і*  
*к о м и т е т і н і ң т ө р а ғ а с ы*

"Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығымен бекітілген

**"Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесін ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормалары 1. Жалпы ережелер**

1. "Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесін ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормалардың (бұдан әрі - санитарлық ереже) талаптары меншік түріне қарамастан, барлық құрылысы жоспарланып, салынып жатқан, жаңартылатын және қазіргі кезде жұмыс атқарып жатқан орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз етумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2. Осы санитарлық ереженің талаптарын орындауды ұйымның басшылары мен жеке тұлғалар қамтамасыз етеді.

3. Осы санитарлық ережені дайындау барысында мынандай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) ыстық сумен қамтамасыз ету - тұрғын үйлердің, ұйымдардың тұрмыстық және өндірістік қажеттілігін арнайы кешенді құрал-жабдықтар мен құрылғылар арқылы ыстық сумен қамтамасыз ету;

2) ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі - бұл кешенді құрал жабдықтардан, жылу көзінен, су дайындайтын аппараттар мен су жылытқыштардан, су әкелетін су құбырлардан және судың температурасын реттеп, бақылау жасайтын құрылымдардан тұратын жүйе;

3) аккумуляторлы бак - суды жинауға арналған сиымдылық;

4) деаэрация - суда ерітілген газдарды шығару жолы;

5) жылумен қамтамасыз ету - тұрғын үйлерді, ұйымдарда от жағу, желдету және ыстық су арқылы жылумен қамтамасыз ету;

6) орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету жүйесі - тұтынушыларға жылу құбыр арқылы берілетін жылу электростанциялары арқылы суды жылыту

ж ү й е с і ;

7) жылумен қамтамасыз етудің жабық жүйесі - ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі су қыздырғыштарда (бройлерлерде) жылытылатын жүйе;

8) жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйесі - тікелей жылу жүйесінен алынған суды ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіне жіберу;

9) жылумен қамтамасыз ету жүйесінің жекеленген ыстық сумен қамтамасыз ету торабы - жылыту жүйесі мен ыстық сумен қамтамасыз етудің арасында байланысы жоқ орталықтандырылған шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз етуді тікелей жылыту арқылы сипатталатын жүйе.

## **2. Орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылымына және пайдалануына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Осы санитарлық ереженің талаптары жылумен қамтамасыз етудің жабық және ашық жүйесіндегі орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ететін, сондай-ақ жылумен қамтамасыз ететін жүйедегі ыстық су беретін жеке торабтарына арналған.

5. Осы санитарлық ереже от, электр немесе күн сәулесінің қуатымен қыздырылатын (үй ішіндегі, пәтердегі) жергілікті аз мөлшердегі ыстық сумен жабдықтау сондай-ақ, геотермальды суларды пайдаланатын жүйеге таралмайды.

6. Осы санитарлық ереже санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын, судың санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпсіздігін қадағалап, сезім органдары арқылы судың сапасын анықтап, су құрамындағы химиялық заттардың адам организміне теріс әсерін болдырмаудың алдын алуды қарастырады.

7. Тұтынушыларға берілетін ыстық судың сапасы және ыстық сумен қамтамасыз етуге пайдаланатын алғашқы су, қолданылатын жүйе мен оны тазалау әдістерінің түріне қарамастан орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ететін жүйенің гигиеналық талаптарын реттейтін қолданыстағы нормативті құжатқа сай болуы керек.

8. Суды дайындау үрдісінде пайдаланатын реагенттер және оның құрылысына пайдаланатын материалдар шаруашылық - ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесінде Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген, ал қолдану барысында суда қалатын олардың қалдықтарының мөлшері гигиеналық нормативтен аспауы керек.

9. Ыстық сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесінде сынапты пайдаланатын бақылау-өлшегіш құралдарын қолдануға болмайды.

10. Жылумен қамтамасыз етуде пайдаланылатын жүйенің түріне қарамастан су торабынан алынатын ыстық судың температурасы  $60^{\circ}\text{C}$  төмен және  $75^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы керек. Жылумен қамтамасыз ететін жабық жүйедегі ыстық сумен қамтамасыз ететін құбыр цинктелген болса, ондағы ыстық судың температурасы  $50^{\circ}\text{C}$ -тан төмен  $60^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы керек. Мұндай жағдайда жөндеу жұмыстарынан соң немесе жылу жүйесінде апат орын алып, оны жөндегеннен соң 48 сағат бойы судың температурасын  $75^{\circ}\text{C}$ -та ұстау керек.

11. Суды халыққа берер алдындағы дайындаудың барлық кезеңдерінде судың сапасына зертханалық-өндірістік бақылауды ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесін пайдаланылуын ұйымның зертханасы немесе белгіленген тәртіп бойынша тіркеуден өтіп, мұндай тексерістерді жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар басқа зертханалармен жасалған келісім бойынша жүргізуге болады.

12. Ыстық сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесіндегі судың сапасына мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыдан қадағалау жасау судың алғаш алынатын орнында, судың жүйеге түсер тұсында және жүйеге бөлінер алдында таңдалынып алып, жүргізіледі.

13. Осы ережелердің талаптарына сай емес ыстық сумен қамтамасыз етудің қазіргі кездегі қалыптасқан жүйесі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың аумақтық органдарымен келісілген мерзім ішінде қайтадан жаңартылып құрылуы керек.

14. Жылу көзінің жылу беру қуаты, елді мекенінің келешектегі өсуін еске ала отырып, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің есептелген жылу беру мүмкіндігіне сай болуы керек.

15. Ыстық сумен қамтамасыз етудің әртүрлі жүйесін қолдану мүмкіншілігін, алғаш алынатын судың сапасына қарай, суды бөлінетін нүктелердегі судың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайына қарап және техникалық-экономикалық негіздемелерді еске ала отырып, жобалау ұйымдары анықтайды. Жылумен қамтамасыз етуді жобалағанда артықшылықты жабық жүйеге немесе ыстық сумен қамтамасыз етудің жекеленген торабты жүйесіне берген дұрыс. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіне рұқсат беру Қазақстан Республикасында заңдар жиынтығы арқылы белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қатысуымен құрылған комиссия арқылы шешіледі.

16. Жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйесі қарастырылғанда, ыстық суды эпидемиялық тұрғыдан анық залалсыздандыру үшін, оған  $100^{\circ}\text{C}$  деаэрация жұмыстары жүргізілуі керек.

17. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің аккумулятор бактарының құрылысын жобалағанда, апат орын алған жағдайда ыстық сумен қамтамасыз ету

жүйесі ыстық сусыз қалмас үшін және двигатель жұмыс істегенде, оның түтіні мен бак түбінде тұнған лай жылу жүйесін ластамайтындай етіп жобалау керек. Тұрғын үйлер үшін аккумулятор бактары қарастырылмайды.

Жылу жүйесінің көзінен тыс орналасқан аккумуляторлы бактар қоршалынуы керек. Қоршаудың биіктігі кем дегенде 2,5 болып, сыйымдылықтан кем дегенде 10 м қашықтықта орналасуы керек.

Аккумулятор бактарының ішін тот баспайтындай етіліп, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттармен жабылуы керек.

18. Жылу торабы, жылумен қамтамасыз ету жүйесінің және құбырлардың қалай салынғанына қарамастан, берілетін ыстық су химиялық немесе биологиялық заттармен ластанбас үшін молалардың, қоқыс төгетін, мал көмілген аумақтардан, сумен суландыратын, боқтық төгілетін танаптар орналасқан жерден өтпеуі керек.

19. Ыстық сумен қамтамасыз ететін жылу жүйесінің жылу торабын тұрмыстық және өндірістік канализация өтетін жыра арқылы бірге салуға болмайды.

Жылу жүйесінің торабы ластану көзі болып табылады-ау деген жерден осы санитарлық ережеге 1-ші қосымшасының 1 кестесіне сай орналасуы керек.

20. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің торабын басқа мақсатқа арналған құбырлармен жалғастыруға болмайды.

21. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің торабынан басқа жүйеге су беру-ағын ағысын үзу арқылы жүргізіліп, су құйғыш, бақалшақ немесе ойынды арқылы берілуі керек.

22. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің торабын ластаудан қорғау үшін, бұл жүйе өтетін жолдың маңын алдын-ала тазалап, құбыр салуға дайындық жұмыстары жүргізілуі керек. Тораб жүретін жолдың маңындағы санитарлық ережеге 1-ші қосымшасының 1 кестесінде көрсетілген нормалардан жақын орналасса, қалдықтардан тазаланатын шұңқырлар алдын-ала тазаланып, зарарсыздандырылып, артынан топырақпен көмілуі керек.

23. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің торабын ластанудан қорғау үшін, бұл жүйені дайындау, сақтау, тасымалдау және құрастыру барысында оны болдырмайтын шаралар қарастырылуы керек.

24. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің жаңа торабын, соған байланысты пайдаланатын ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің түріне қарамастан, сондай-ақ, күрделі және апаттан кейінгі жөндеуден өткізгеннен кейін, жүйе гидропневматикалық жолменен тазаланып, артынан зарарсыздандырылуы керек.

Зарарсыздандыру жұмысы, белсенді хлордың мөлшері 75-100 мг/дм<sup>3</sup> болатындай, оның қабырғалармен жанасуы 6 сағаттан кем болмайтындай етіп жүйені сумен толтыру арқылы жүргізіледі.

25. Жуудың әрбір бөлігіндегі су мен ауа қосылған ерітіндінің жылдамдығы 0,5 м/сек құрап, одан кем болмауы керек.

Жуынды судағы қалдық хлор елді мекендегі канализация жүйесіне, ал ондай жүйе жоқ болғанда, жер үсті суларын ластанудан қорғаудың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сай ойшық орындарға болмаса, су айдындарына жіберілуі керек.

26. Ашық жүйедегі жылумен қамтамасыз ету жүйесіне, сондай-ақ, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесін жуу және зарарсыздандыру жұмыстарын өндірістік зертханалық тексерістер жүргізуге және жүйені қауіпсіз жууға құқық беретін лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдар жүргізуі керек. Оның сапасын өндірістік зертханалар тексереді. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органдарының таңдау арқылы бақылау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндігі болуы үшін, олар бұл жұмыстың қашан жүргізілетіні туралы хабардар болуы қажет.

27. Жуу мен зарарсыздандыру жұмыстары бітті деп саналады, егер, ол орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі судың сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына 2 рет жүргізілген (бірінің артынан бірі) тексерістері сай болғанда. Жылу мен зарарсыздандыру жұмыстарының қорытындысы акті арқылы ресімделінеді.

28. Жылумен, ыстық сумен, қамтамасыз етудің ашық жүйелеріндегі құбырдың диаметрі 200 мм, ұзындығы 1 км артық болмаса, сондай-ақ калориферлі жылу беру, желдету жүйелері мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісілген соң, оларды хлорламауға болады, мұндай жүйені зарарсыздандыру үшін температурасы 85-90 °С ыстық сумен жуу керек.

29. Жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйесінде жылу беру мерзімі тоқтатылған соң, жүйе тексеріліп, жөндеуден өтіп, гидронеуматикалық жолмен жуылып, таттануды азайтатын құрам қосылған құбыр суымен толтырылады да, жылу беретін мерзім басталардан бұрын, ол су канализация жүйесіне жіберіледі.

30. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінде жыл сайын болатын бұзылудың алдын алу үшін жүргізілетін жөндеу жұмыстары 15 күннен аспауы керек. Эпидемиологиялық маңызы бар нысандарда (қоғамдық тамақтану, тағам өнеркәсібінің объектілерінде, мектеп жасына дейінгі және жалпы білім беру

ұйымдарында, сонымен қоса ауруханалық ұйымдарда) жөндеу жұмыстарын жүргізгенде, олар ыстық сумен басқа жылу немесе өздерінің резервтегі көздерін пайдалануы керек.

31. Аккумуляторлік бактар тұнбалардан, көгеруде мерзімді уақытта тазаланып отырылуы керек. Тазалану мерзімі пайдаланудың жергілікті жағдайына байланысты анықталады, дегенмен 2 жылда 1 реттен кем болмауы керек.

Іші арнайы жабылған аккумуляторлік бактарда тазалау мерзімі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісіледі, дегенмен 2-5 жылда 1 рет тазалауы керек.

32. Жылумен қамтамасыз ету және ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде жүргізілген жуудың сапасына бақылауды осы жүйені пайдаланатын ұйым жүргізеді.

33. Қайнау барысында пайда болатын татты болдырмас үшін химиялық және физикалық әдістер қолданылады. Химиялық әдісті тек жылу көздерінде былай жүргізіледі: әктеу немесе содалай әктеу арқылы немесе тұндыру, қышқылдау және катиондау арқылы. Физикалық әдіске суды магниттеу жатады. Мұндай әдіс магниттік өрісті бақылай алатын жағдайда ғана және магниттік өріс 2000 эрстедтен аспағанда жүргізіледі.

34. Су құбыры мен басқа да құрал-жабдықтарды таттанудан қорғау үшін ыстықпен деаэрациялау қолданылады, силикатпен, суды цинк комплексонатымен (оксиэтилиденекіфосфонды қышқылының цинкті тұзы) өңдеу жүргізіледі.

35. Силикатты өңдеу жұмысы су құбырындағы суға сұйық натрий шынысын (натрий силикатын) қосу арқылы жүргізіледі. Мұндайда силикат қанықпасының  $\text{SiO}_2$  -ға есептегенде қалдық судағы мөлшері 40 мг/л, ал цинк комплексонатының мөлшері 5 мг/л аспауы керек.

36. Құрамында екі валентті темір ионы бар жер асты суларын пайдаланғанда, оның мөлшері 0,5 мл/л жоғары болса, ол суды темірсіздендіру керек.

### **3. Су сапасына жасалынатын бақылауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

37. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі жылумен қамтамасыз ету жүйесіне қосылғанда санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органдарының келісімімен ауыз сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесіндегі судың сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарынан ауытқуға болады, егер түсі жағынан  $70^{\circ}\text{C}$ , құрамындағы темірдің мөлшері 1 мг/л дейін болса, маусымдық жабу немесе жаңа жүйеге қосу кезінде сондай-ақ, жылумен қамтамасыз ету жүйесі жөндеуден өткеннен кейін жабуға болады.

38. Ыстық судың шаруашылық ауыз-сумен қамтамасыз ету жүйесіне түсуіне жол беруге болмайды.

39. Кейбір жағдайда жылу көздері мен жылу жүйесіндегі герметикалық жағдайға бақылау жүргізу үшін, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органдарымен келісе отырып, алдын ала халықты хабарладырғаннан кейін, мынандай жағдайды сақтай отырып, флуоресцеиннің екінатрилі тұзын (А уранин) қолдану арқылы жүргізеді, оның судағы қанықпасының мөлшері  $0,0025 \text{ мг/дм}^3$  аспауы керек.

40. Жылыту жүйесінен ыстық суды алуға болмайды.

41. Ыстық судың сапасына зертханалық өндірістік бақылау жасау үшін сынамалар мынандай жерлерден алынады:

1) жылумен қамтамасыз етудің жабық жүйесінде - алғашқы судың (су құбырымен) келіп түсетін және су жылытылатын орындарынан кейін;

2) жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйесінде - алғашқы судың (су құбырынан немесе су көздерінен) келіп түсетін жерінде және ыстық сумен қамтамасыз ететін жүйе жіберер жерден санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органдарымен келісе отырып;

3) жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйесінің жекеленген ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінде - алғашқы судың (су құбырымен) келіп түсетін және су жылытылатын орындарынан кейін.

42. Жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа, ыстық судың сапасына жасалынатын зертханалық өндірістік бақылау-санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келісе отырып, суды бөлу жүйесінің нүктелерінен алынуы керек.

43. Нүктелерден алынған ыстық судың сапасына жасалынатын зертханалық өндірістік бақылау осы ереженің 37 бабында көрсетілген мынандай көрсеткіштерді анықтауы керек: судың температурасын (С) түсін градуспен, лайлығын (мг/л), иісін, рН реакциясы, темірді (мг/л), суды дайындау барысында қолданатын реагенттердің қалдық мөлшерін (мг/л), ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің құбырларының қабырғасынан (мыс, мырыш және басқа да элементтер) бөлінетін химиялық заттардың рұқсат етілген мөлшерін, микробиологиялық тұрғыдан тазалығын. Су сапасының көрсеткіштері қолданыстағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай болуы керек.

44. Сынамаларды алу жиілігі осы санитарлық ережеге 1-ші қосымшаның 2-кестесіне сай жүргізіледі. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің санитарлық тұрғыдан тұрақтылығына, халықтың санына, қалыптасқан эпидемиологиялық және жергілікті жердегі жағдайларға байланысты -



санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келісе отырып, зертханалық өндірістік тексерістің жиілігін өзгертуге болады.

45. Ыстық сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесіндегі судың сапасына мемлекеттік санитарлық қадағалау жасау үшін, олардың келіп түскен жерінен, жүйеге түсер тұсынан және су бөлінетін жерден алынады.

"Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесін ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"

санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларына 1-қосымша

**Жылу торбынан ластану көздеріне дейінгі ара-қашықтық**

1 к е с т е

Ластану көздері	Метрмен берілген қашықтық ( м ) кем емес
	-----
	Горизонтальді   Қиылысқан
	жағдайда тораб жағдайда тіктей
	параллелді   жүргізілсе
	жүргізілгенде
1. Тұрмыстық және өндірістік канализация жүйесі:	
1) жылу торабын канал және тоннель арқылы салған жағдайда (канал мен тоннельдің сыртқы қабырғасынан);	1,0 0,2
2) құбырының диаметрі 200 мм дейінгі жылу торабын каналсыз салғанда ;	200 мм
3) құбырының диаметрі 200 мм дейінгі жылу торабын каналсыз салғанда .	1,5 0,4
1. мола, қоқыс төгетін жерлер, мал көметін орын, сумен суландыратын аймақ және химиялық және биологиялық қауіп төндіретін басқа да	

н ы с а н д а р :

1) жер асты сулары болмағанда;	10,0	0
2) жер асты сулары болған жағдайда немесе су сүзетін топырақ бар жерде.	50,0	0
2. Тазаланатын шұңқырлар:		
1) жер асты сулары болмағанда;	7,0	0
2) жер асты сулары болған жағдайда немесе су сүзетін топырақ бар жерде.	20,0	0

1) жазықтықта параллельді жүргізілген канализация жүйесі, жылу жүйесінен төмен жүргізілсе олардың биіктік айырмасына кем емес жазықтықта орналасуы керек, ал егер канализация жүйесі жылу жүйесінен жоғары орналасса, онда кестеде көрсетілген арақашықтықтар, сол көрсетілген тереңдікке ұлғайтуы керек.

С ы н а м а      а л у д ы ң      ж и і л і г і  
2 к е с т е

Қызмет көрсетілген халықтың саны, адам | Ай сайын су беретін жүйенің бойынан алынатын сынаманың ең аз саны

1 0 0 0 0    д е й і н	2
2 0 0 0 0    д е й і н	1 0
5 0 0 0 0    д е й і н	3 0
1 0 0 0 0 0    д е й і н	1 0 0
1 0 0 0 0 0    к ө п	2 0 0

"Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесін ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларына 2-қосымша

Жылумен қамтамасыз ететін ашық жүйедегі жылу көздерінде суды пайдалануға дайындау кезінде қолдануға рұқсат ететін реагенттер:

1. Ас тұзы - "тағамдық хлорлы натрий", МемСТ - 13380-84.
2. Күкірт қышқылы - МемСТ 2184-77.
3. Тазаланған жегіш натр - МемСТ 078-78.

4. Натрийлік сұйық шыны - МемСТ-13078-67.

5. Жеңіл сәндірілмеген құрылыс әгі - МемСТ-9190-77.

"Шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығымен бекітілген

**"Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормалар 1. Жалпы ережелер**

1. "Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормалары (бұдан әрі - санитарлық ереже) орталықтандырылған ауыз-сумен қамтамасыз ететін, су құбырының құрылысын жобалаумен және құрылысын жүргізуге, оны пайдаланумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға арналған.

2. Осы санитарлық ереженің талаптарының орындалуын ұйымдардың басшылары мен жеке тұлғалар қамтамасыз етеді.

3. Осы санитарлық ережеде төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылды:

1) ауыз сумен қамтамасыз ету - тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз етумен айналысатын, оның ішінде су көздерін және су қондырғыларын таңдау, қорғау, сумен қамтамасыз ету жүйелерін жобалау, құрылысын салу, су беру жүйесін пайдалану, суды алу, дайындау, сақтау, тұтынатын орындарға жіберумен шұғылданылатын қызмет түрі;

2) орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесі (бұдан әрі - су құбыры) - суды алумен, дайындаумен айналысатын су қондырғылары, имараттар және су құбырлары немесе оларсыз-ақ ауыз суды жалпылай қолдануға арналған суды сақтауға, тұтыну орнына беруге арналған кешенді құрылым;

3) коли-фагтар - қоректендіруші агарда қосу  $37^{\circ}\text{C}$  (қосу-алу  $1^{\circ}\text{C}$ ) температурада *E. coli*-ді ерітуге қабілетті және 18 сағаттан кейін (қосу-алу 2 сағат

- ) еріту аумағын түзетін бактериалдық вирустар;
- 4) жалпы колиформдық бактериялар (бұдан әрі - ЖКБ) - дифференциалды лактозалық ортада өсіп, қосу  $37^{\circ}\text{C}$  температурада лактозаны қышқылға, альдегидке және газға 24-28 сағат ішінде ферменттейтін, грамтеріс, оксидазатеріс, спора таяқшаларын түзбейтін бактериялар;
- 5) жалпы микробтық сан (бұдан әрі - ЖМС) - қосу  $37^{\circ}\text{C}$  температурада 24 сағат ішінде қоректендіру агарында шоғыр түзе алатын, мезофильді аэробты және факультативті анаэробты микроорганизмдердің жалпы саны (ЖМС);
- 6) сульфиттерді түзетін клостридилер - сульфиттерді сульфидке дейін айналдыратын, спора түзетін анаэробты таяқша тәріздес бактериялар;
- 7) ыстыққа төзімді колиформалы бактериялар (бұдан әрі - ҮТКБ) - жалпы колиформалық бактериялардың қасиетіне ие,  $44^{\circ}\text{C}$  (қосу-алу 0,5) ыстықты 24 сағат ішінде лактозаны қышқылға, альдегидке және газға дейін ферменттейтін бактериялар;
- 8) ішек тобына жататын патогенді бактериялар - Enterobacteriaceae тобына жататын ішек жұқпалы ауруларын тудыратын қоздырғыштар;
- 9) энтеровирустарды (ішек вирустары) - құрамында РНҚ бар, жұқпалы аурулар тудыратын, адамдар мен жануарлардың асқазан, ішек жолдарында өмір сүретін вирустар.

## **2. Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Осы санитарлық ереже тұрғындарға ауыз суды орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйелері арқылы тарату, тұрмыстық мақсатта тұтыну, азық-түліктік шикізаттарды өңдеу және тағамдық өнімдерді өндіру, оларды сақтау және сату, сол сияқты өнім өндіру үдерістерінде сапалы ауыз суды қолдануды талап ететін салада қолданылады.

5. Ауыз сумен қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер арқылы анықталады.

6. Аймақтық ерекшеліктерін сипаттайтын ауыз судың химиялық құрамының көрсеткіштері, сумен қамтамасыз ететін әр су құбыры жүйесінде осы санитарлық ережеге 2 қосымшасындағы талаптарға (ауыз судың сапасына микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері бойынша) сай көрсетіледі.

7. Су құбыры жүйесінде апатты жағдай немесе техникалық бұзушылықтар қалыптасқанда, олар ауыз су сапасының нашарлауын және тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайының төмендеуін тудырғанда, сумен қамтамасыз

ету жүйесін пайдаланатын ұйым тез арада аталған кемшіліктерді жоюға шара қолдануы және ол жайлы тиісті аумақтық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметін хабардар етуі керек.

8. Ауыз судың сапасына өндірістік бақылау жүргізетін ұйым (зертхана) судан алынған сынамаға жүргізілген зертханалық тексерудің әрбір қорытындысы бойынша гигиеналық нормативке сәйкес келмегендігі туралы тиісті аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарын тез арада хабарлап отыруы керек.

9. Тез арада жөндеуге келмейтін табиғат және апат салдарынан қалыптасқан жағдайлар орын алып, ол судың органолептикалық қасиеттеріне, ауыз су сапасының химиялық құрамы көрсеткіштеріне әсер еткенде, тиісті аумақтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің келісімімен жергілікті атқару органдары уақытша гигиеналық нормативтен ауытқуға рұқсат береді.

10. Ауыз судың гигиеналық нормативтік сападан ауытқуы, оның мерзімі туралы және суды қабылдау туралы берілетін ұсыныстар тұрғындарға хабарланады.

11. Гигиеналық нормативтен ауытқу туралы шешім қабылдаумен қатар, судың сапасын тиісті гигиеналық нормативке сәйкес сумен қамтамасыз ету көзі қарастыру жөнінде шаралар жоспары және оның орындалу мерзімін, және қаржыландыру көзін анықтайды.

12. Белгілі ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесінен ауыз суды пайдалануға тиым салу немесе шектеу туралы шешімді сол аумақтың мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің қаулысына сәйкес жергілікті атқару органы қабылдайды.

### **3. Ауыз су сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар және нормативтер**

13. Ауыз су эпидемиялық және радиациялық жағынан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және түйсік органдарына жайлы әсер етуі керек.

14. Ауыз судың сапасы таралым желілеріне түсетін жерде, сол сияқты бас тоғанның ішкі және сыртқы су құбыры желілерінде гигиеналық нормативке сәйкес болуға тиіс.

15. Ауыз судың эпидемиялық тұрғыдан қауіпсіздігі микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштер бойынша нормативке сәйкес осы санитарлық ережеге 1-қосымшасында келтірілген, әрбір сынама сайын бойынша берілген анықтамаға сәйкес анықталады.

16. Ауыз судан алынған сынамада термотолерантты колиформ бактериялары, жалпы колиформ бактериялары және колифагтар анықталған жағдайда, қайта

тексеру жүргізіліп, хлоридтер, аммонийлық азот, нитраттар және нитриттер анықталады.

17. Қайта алынып, тексерілген су сынамасының 100 миллилитірінде (бұдан әрі - мл) 2 және одан да көп жалпы термотолерантты колиформ бактериялары және колифагтар анықталған жағдайда, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізетін ұйымдар су сынамасының құрамындағы ішек тобына жататын патогенді бактерияларды және энтеровирустарды анықтау үшін тексеру жүргізеді.

18. Ауыз суда ішек тобына жататын патогенді бактериялардың, сол сияқты энтеровирустардың болуын анықтау, эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша, тиісті аумақтың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

19. Ауыз суда патогенді бактериялардың болуын анықтау үшін зерттеу тек, тиісті патогенді топтардың қоздырғыштарымен жұмыс істеуге рұқсаты және осы жұмыс түріне лицензиясы бар зертханаларда жүргізіледі.

20. Химиялық құрамы бойынша ауыз судың зиянсыздығы, оның құрамында табиғи суларда анағұрлым жиі кездесетін, антропогендік тұрғыдағы заттардан, зиянды химиялық заттар көрсеткішінің; сумен қамтамасыз ету жүйесінде су арқылы түсіп, оны өңдеу барысында пайда болатын зиянды химиялық заттар (осы санитарлық ережеге 2-қосымшасының 1, 2, 3 кестелерінде көрсетілген; адамдардың шаруашылық жүргізу барысында сумен қамтамасыз ету көздеріне келіп түсетін зиянды химиялық заттардың (осы санитарлық ережеге 3-қосымша) нормативке сәйкес келуімен анықталады.

21. Ауыз суда қауіптілігі I және II класқа жататын және зияндылығы санитарлық-токсикологиялық белгілері бойынша нормаланатын бірнеше химиялық заттардың болуы анықталған жағдайда, судағы әрбір анықталған қанықпа қосындысындағы қанықпаның рұқсат етілген шегі (бұдан әрі - ҚРШ) 1-ден аспауы керек.

$$\begin{aligned} C^1_{\text{нақт.}} + C^2_{\text{нақт.}} + C^n_{\text{нақт.}} < 1 \\ C^1_{\text{рұқс.ет.}} + C^2_{\text{рұқс.ет.}} + C^n_{\text{рұқс.ет.}} \end{aligned}$$

бұл жерде  $C^1$ ,  $C^2$ ,  $C^n$  - 1 және 2 класқа жататын жеке химиялық заттардың қанықпасы; нақт. - нақты, рұқ. - рұқсат етілетін.

22. Судың сезіну органдары анықталатын қасиеттері осы санитарлық ережеге 2 қосымшасындағы 3 кестесіне сәйкес, сол сияқты осы санитарлық ережеге 2 қосымшаның 1-2 кестесінде келтірілген, сезіну органдарына ықпал ететін заттардың көрсеткіштері арқылы анықталады.

23. Ауыз суда жай көзбен айырып, көруге болатын су организмдерінің және бетінде қабыршығының болуына рұқсат етілмейді.

24. Ауыз судың радиациялық қауіпсіздігі жалпы көрсеткіштерінің нормативке сәйкес болуымен анықталады осы санитарлық ережеге 2 қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген (а және в - белсенділігі).

25. Суда кездесетін ұқсас радионуклидтерді және олардың жеке қанықпаларын өлшеу, жалпы белсенділігі нормативтен асқан жағдайда жүргізіледі. Анықталған қанықпаның бағалау қолданыстағы радиациялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4. Ауыз судың сапасына жүргізілетін бақылауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

26. Сумен қамтамасыз ету нысандарын пайдаланушы ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар ауыз судың сапасына тіркелген өндірістік зертханаларда немесе осындай қызмет жасауға лицензиясы бар басқа зертханаларда бақылау жүргізуі керек.

27. Су құбырын пайдаланатын ұйым ауыз судың сапасына өндірістік бақылау жүргізу мақсатында жұмысшы бағдарламасын (бұдан әрі - жұмысшы бағдарламасы) әзірлеп, ол тиісті аумақтық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келісіледі.

28. Тұрақты өндірістік бақылауға жататын, ауыз судың бақылаушы көрсеткіштерін іріктеу, сумен қамтамасыз етумен айналысатын әрбір жүйеге, сумен қамтамасыз ету көздеріндегі судың құрамын бағалау қорытындысы, сол сияқты сумен қамтамасыз ету жүйесінде ауыз суды өндіру технологиясы негізінде жүргізіліп және ол екі кезеңде іске асырылады: кеңейтілген тексерулер және жұмысшы бағдарламасы бойынша тексеру.

29. Кеңейтілген тексерулерді дайындау барысының бірінші кезеңінде, сумен қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы ұйым кем дегенде 3 жылдық кезеңде төмендегідей материалдары талдаудан өткізіледі:

1) ұйымның мемлекеттік статистикалық есебін, сондай-ақ, су жиналатын аумақ шеңберінен түсетін судың сумен қамтамасыз ету көзінің су алатын орыннан жоғарғы жерде ағынды сулардың құрамы мен мөлшері туралы ресми мәлімет беру ;

2) қоршаған ортаны қорғау, гидрометеоқызмет, су ресурстарының басқармасы, геология және жер байлығын қолдану ұйымдары арқылы су сапасына жүргізілетін өндірістік бақылау органдарының қорытындысы бойынша сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі жер беті, жер асты және ауыз судың сапасы туралы мәліметі ;

3) шаруашылық қызметпен және жер беті және жерасты суларының ластану көзі болып табылатын және су сапасын тексерудің қорытындысы бойынша

тұрғындардың суды пайдаланатын орындарында ұйымдар арқылы жасалынған санитарлық-эпидемиологиялық тексерістің санитарлық сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі судың сапасы;

4) су жинау алқабының аумағында (жер бетіне жақын орналасқан су көздері үшін) және санитарлық қорғау аумағының шекарасында (жерасты су көздері үшін) басқару органдары және ауыл шаруашылығы ұйымдарымен қолданылатын пестицидтер және агрохимикаттардың жалпы көлемі мен түрлері туралы.

30. Нақты су көзіне жүргізілген зерттеудің негізінде, микробиологиялық көрсеткіштердің және химиялық құрамы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық су сипаттамасы жасалынады, оның гигиеналық нормативтері осы санитарлық ережеге 3 қосымшасында берілген.

31. Суға жасалатын кеңейтілген зерттеулер химиялық заттардың тізбесі, сол сияқты осы санитарлық ережеге 2 қосымшасындағы 1-кестеде келтірілген көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

32. Суды өңдеуде реагенттік әдістерді қолданатын сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін, кеңейтілген тексеру жүргізу барысында үлестіру желісіне берілерден бұрын қосымша ретінде осы санитарлық ережеге 2 қосымшасындағы 2-кестеде келтірілген көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

33. Суға кеңейтілген зертханалық тексеру сумен қамтамасыз ету жүйесінің су жинау алабында, суды өңдеуден өткізген жағдайда немесе әртүрлі су жинау алқаптарының суларын араластыру барысында, сол сияқты ауыз суды үлестіру желісіне берер алдында жыл бойы үздіксіз жүргізіледі.

34. Сумен қамтамасыз ету көздерінің түріне байланысты, жыл бойы судың сапасы жайлы біркелкі ақпарат алуды қамтамасыз ететін, тексеруге алынатын су сынамасының ең төменгі саны төмендегідей тәртіппен алынады:

жерасты сулары үшін - әр маусым сайын 1 сынама алынып, жылына 4 сынама ; жер беті су көздері үшін - әр ай сайын бір сынамадан, барлығы 12 сынама алынады.

35. Судың химиялық құрамы және ондағы кездесетін заттар қанықпасының динамикасы жайлы нақты және толық ақпарат алу қажет болған жағдайда, тексерілетін су сынамасының саны және оларды алу кезеңі көбейтіледі.

36. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары әрбір сумен қамтамасыз ету жүйесі бойынша судың химиялық құрамына жүргізілген кеңейтілген тексеру қорытындыларын сараптап және тұрғындардың ауыз суды қолдану жағдайларының санитарлық-гигиеналық бағалауын және қала аумағының, елді мекеннің, ауданның эпидемиологиялық ахуалын ескере отырып, тұрғындардың денсаулығы үшін қауіп тудыратын, суда кездесетін химиялық заттарды анықтайды.

Жүргізілген бағалау негізінде тұрақты өндірістік бақылау жүргізу үшін



бақылауға алынатын көрсеткіштер тізбесі, судан алынатын су сынамасының саны және алу кезеңдері жайлы ұсыныстар дайындалады.

37. Ауыз су сапасын бақылаудың екінші кезеңі, жұмысшы бағдарламасын дайындау болып табылады, оның құрамына мыналар кіруге тиіс:

1) түсіндірме хат, оның мазмұнына еруге тиіс: су құбырының төл құжаты, су көзі жөнінде ақпарат, суды дайындау технологиясы, қолданылатын реагенттер, олардың сәйкестігі жайлы сертификаттар, суды тасымалдау және үлестіру жайлы мәліметтер, өндірістік зертхананың жұмыс жүргізуге дайындығы, ауыз суды дайындау және тарату туралы нормативтік құжаттардың бар болуы, суды дайындау технологиясын жақсарту жайлы шаралар жоспары немесе жаңа технологиялық шешімдерді енгізу, апатты жағдайларды жою туралы шаралар жоспары және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер органдарының хабарлау жүйесі осы санитарлық ережеге 4 қосымшасына сай болуы керек;

2) су сапасын бақылайтын көрсеткіштер тізімі;

3) бақылауға жататын көрсеткіштерді анықтау әдістері;

4) су алатын орындағы сынама алу нүктесінің, су құбырларына су берер алдындағы бөлу жүйесінің (таза суды су жинағышқа), сыртқы және ішкі жүйелерден су алатын пункттердің жоспары болуы керек;

5) су сынамаларын алудың жиілігі және тексерілетін су сынамасындағы анықталатын көрсеткіштер тізбесі;

6) судан сынама алу және зерттеу жүргізудің күнтізбелік кестесі.

38. Бірнеше тоғаннан су алатын сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін жұмысшы бағдарламасы әрбір су тоғаны үшін бөлек жасалады. Ортақ санитарлық қорғау аумағына біріктірілген және су ұстайтын бір белдеуді пайдаланушы жерасты су тоғандары үшін гидрогеологиялық қорытынды мәліметтер бойынша жұмысшы бағдарламасы жасалады.

39. Тексерілетін су сынамасының саны және оларды алу кезеңдері әрбір сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін жеке анықталады және осы санитарлық ережеге 4 қосымшасының 1, 2, 3 кестелерінде белгіленген деңгейге сай болуы керек.

40. Жұмысшы бағдарламасында су сапасын бақылау қорытындысына ай сайын сараптау жүргізу қарастырылып және бақылау қорытындысы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ақпарат беру тәртібі анықталуы керек.

41. Жұмысшы бағдарламасы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына келісу үшін ұсынылып, жергілікті басқару органдары 5 жылдан аспайтын мерзімге бекітеді.

42. Сумен қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы ұйым жұмысшы бағдарламасына сәйкес су алатын орында, үлестіру желісіне түсердің алдында

және ішкі және сыртқы су құбыры желісінің су алатын нүктелеріндегі судың сапасына бақылау жүргізеді.

43. Үлестіру желісіндегі көшедегі су алатын құрылғылардан сынама алу анағұрлым биіктеу және тұйықталған жерден, барлық үйлердің ішкі су құбыры желілеріндегі крандардан су айдағышы бар жергілікті су қысымын тудыратын бактардан сынама алу арқылы жүргізіледі.

44. Ауыз судың сапасына мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды тиісті аумақтағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары жүргізеді.

"Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларына

1-қосымша

**Ауыз су сапасының микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштері**

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер
Жалпы микробтық сан	1мм-де құрған колониялар саны	бактериялар 50 артық емес
Жалпы колиформды бактериялар	100 мл бактериялар саны	Болмауы керек
Термотолерантты колиформды	100 мл бактериялар саны	Болмауы керек
Колифагтар	Түйін түзуші бірліктер саны	Болмауы керек 100 мл (ТТБ)
Сульфит түзуші кластридий	20 мл-дегі споралар саны	Болмауы керек споралары
Лямбляның цисталары	50 мл-дегі цисталар саны	Болмауы керек

1) термотолерантты колиформ бактерияларын анықтау-су сынамасын үш қайтара 100 мл алу арқылы тексеру жүргізіледі;

2) ішкі және сыртқы су құбыры желісінің су алатын нүктелерінде 12 ай аралығында, жылына кем дегенде 100 сынама тексерілген жағдайда, сынаманың 95%-да жалпы колиформды бактериялардың нормативтен асып кетуіне рұқсат етілмейді;

3) колифагтар мен лямбляның цисталарын тек жер бетіне жақын орналасқан су көздерінен алып, сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі үлестірім желісіне берілер алдында ғана анықтайды;

4) сульфит түзуші клостридий спораларын анықтау суды тазарту технологиясының тиімділігін бағалау барысында жүргізіледі.

"Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларына

## 2-қосымша

### Химиялық заттардың қорытынды көрсеткіштері

1 - к е с т е

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер (қанықпаның рұқсат етілген шегі) артық емес	Зиянды.  Қауіп.  лығының  тілік  көрсет.  сыныбы  кіші
--------------	---------------	---	--

### Қорытылған көрсеткіштер

Сутектік көрсеткіш	РН-бірлігі	6-9	мөлшерінде
Жалпы (құрғақ қалдық)	минералдануы	Мг/л	1000 (1500)
Жалпы кермектік		Мг-экв/л	7,0 (10)
Пермангантты тотығуы		Мг/л	5,0
Мұнай өнімдері, қосындысы		Мг/л	0,1
Бетіндегі заттар	белсенді (ББЗ),		
анионды-белсенді		Мг/л	0,5
Фенолды индекс		Мг/л	0,25

### Бейорганикалық заттар

Алюминий(Al <sup>3+</sup> )	Мг/л	0,5	с.-у.	2
-----------------------------	------	-----	-------	---

Барий( $Ba^{2+}$ )	Мг/л	0,1	с.-у.	2
Бериллий( $Be^{2+}$ )	Мг/л	0,0002	с.-у.	1
Бор(В, қосындысы)	Мг/л	0,5	с.-у.	2
Темір	Мг/л	0,3 (1,0)	Орг.	3
Кадмий (Cd қосындысы)	Мг/л	0,001	с.-у.	2
М а р г а н е ц (Mn, қосындысы)	Мг/л	0,1 (0,5)	орг.	3
Мыс(Cu, қосындысы)	Мг/л	1,0	орг.	3
М о л и б д е н (Mo, қосындысы)	Мг/л	0,25	с.-у.	2
Күшән (As, қосындысы)	Мг/л	0,05	с.-у.	2
Никель (Ni, қосындысы)	Мг/л	0,1	с.-у.	3
Н и т р а т т а р ( $NO_3$ , бойынша)	Мг/л	45	с.-у.	3
Сынап (Hg қосындысы)	Мг/л	0,0005	с.-у.	1
Қ о р ғ а с ы н (Pb, қосындысы)	Мг/л	0,003	с.-у.	2
Селей (Se, қосындысы)	Мг/л	0,01	с.-у.	2
Стронций ( $Sr^{2+}$ )	Мг/л	7,0	с.-у.	2
Сульфаттар( $SO_4$ )	Мг/л	500	Орг.	4

---

Климаттық аймақтарға арналған фторидтер (F):

I және II	Мг/л	1,5	с.-у.	2
III	Мг/л	1,2	с.-у.	2
Хлоридтер( $Cl^-$ )	Мг/л	350	с.-у.	4
Хром ( $Cr^{6+}$ )	Мг/л	0,05	с.-у.	3
Цианидтер( $CN^-$ )	Мг/л	0,035	с.-у.	2
Цинк ( $Zn^{2+}$ )	Мг/л	5,0	Орг.	3

---

Органикалық заттар:

у-ГХЦГ (линдан)	Мг/л	0,002	С.-у	1
ДДТ қосындысы)	(изомерлердің Мг/л	0,002	С.-у	2
2,4-Д	Мг/л	0,03	С.-у	2

---

1) заттардың зияндылығын шектеуші белгі, ол бойынша норматив белгіленген: с.-у. - санитарлық-уыттылығы, орг. - органолептикалық;

2) жақшаның ішінде көрсетілген мәндер, сол аумақтың мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің қаулысымен нақты сумен камтамасыз ету жүйесі үшін елді мекендегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға және қолданыстағы суды дайындау технологиясын бағалау негізінде белгіленуі мүмкін.

3) УГХЦ (линдан), ДДТ (изомерлердің қосындысы), 2,4-Д нормативтері ДДСҰ-ның ұсыныстарына сай алынып отыр.

**Суды өңдеуден өткізу барысында түзілетін химиялық заттар**

2 - к е с т е

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер (қанықпаның рұқсат етілген шегі) артық емес	Зияндылық көрсеткіші	Қауіптілік
Х л о р				
Бос қалдық	мг/л	0,3-0,5	орг.	3 көлемінде
Байланыстағы қалдық	мг/л	0,8-1,2	орг.	3 көлемінде
Х л о р о ф о р м		(суды		
хлорлау барысында)	мг/л	0,2	с. у	2
Қалдық озон	мг/л	0,3	орг.	2
Ф о р м а л ь д е г и д		(суды		
озондау барысында)	мг/л	0,05	с. у	2
Полиакриламид	мг/л	2,0	с. у	2
Б е л с е н д і		к р е м н и й		
қышқылы (Si бойынша)	мг/л	10		с. у
Полифосфаттар	(РО	4~	)	
бойынша	мг/л	3,5	орг.	3
Құрамында алюминий және темір бар коагулянттардың	мг/л		Құрамындағы "Алюминий", "Темір"	

1) суды бос хлормен зарарсыздандыру барысында оның сумен жанасу уақыты 30 минөттен, ал байланысқан хлормен 60 минөттен кем болмауға тиіс. Судағы қалдық хлорды бақылау суды үлестірім желісіне берер алдында жүргізілуге тиіс.

Судың құрамында бос хлор және байланысқан хлор қатар кездескен жағдайда, олардың біріккен қанықпасы 1,2 мг/л аспауы керек.

Жекеленген жағдайда аумақтық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының келісімімен ауыз судағы хлордың қанықпа мөлшерін 1 мг/л дейін жоғарлатуға болады;

2) хлороформның нормативі ДДС ұйымының ұсыныстарына сәйкес қ а б ы л д а н ғ а н ;

3) озонның қалдық құрамын бақылау камералар ауыстырғаннан кейін, кем дегенде 12 минөт жанасу уақыты қамтамасыз етілген жағдайда жүргізіледі.

### **Ауыз су сапасының органолептикалық көрсеткіштері**

3 - к е с т е

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Нормативтер артық емес
И і с	Б а л л	2
Д ә м	Б а л л	2
Т ү с і	Г р а д у с	20 (35)
Т ұ н ы қ т ы ғ ы	ФБТБ (формазин)	2,6 (3,5)
	б о й ы н ш а т ұ н ы қ т ы қ б і р л і г і ) н е м е с е м г л ( к а о л и н б о й ы н ш а )	1,5 (2)

1) жақшаның ішінде көрсетілген мәндер, сол аумақтағы мемлекеттік санитарлық бас дәрігердің қаулысымен нақты сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін елді мекендегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды және қолданыстағы суды дайындау технологиясын бағалау негізінде белгіленуі мүмкін.

### **Ауыз судың радиациялық қауіпсіздігінің көрсеткіштері**

4 - к е с т е

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нормативтер	Зияндылық көрсеткіштері
жалпы белсенділігі	а - радио Бк/л	0,1	- Радиация
жалпы белсенділігі	В - радио Бк/л	1,0	- Радиация

"Орталықтандырылған ауыз суымен жабдықтау жүйесінің сапасына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларына 3-қосымша

### **Ауыз судың құрамында кездесетін зиянды заттардың гигиеналық нормативтері**

1. Тізімге ауыз судың құрамында болуы мүмкін зиянды заттардың гигиеналық нормативтері енгізілген.

2. Химиялық заттар тізімде органикалық және органикалық емес құрылымдарына қарай орналасқан. Әрбір қосымша бөлімше тиісті бөлімнің кеңейтілген мағынасы болып табылады. Бөлімшелердің ішінде заттардың нормативі сандық мәнінің өсу тәртібіне қарай орналасқан.

3. Егер органикалық заттың молекулалық құрылымын бір мезгілде бірнеше химиялық класқа жатқызуға болатын болса, онда тізбеге оны ең көп кеңейту индексі бар қызметтік тобы бойынша орналастырады (көлденең бағаналар бойынша).

4. Органикалық қышқылдар, оның ішінде пестицидтер, тізім бойынша аталған қышқыл қандай түрде берілгеніне қарамастан (қышқыл түрінде, оның аниондары немесе тұз түрінде) анион бойынша нормаланады.

5. Тотығудың барлық дәрежесі үшін, егер ол басқалай көрсетілмесе, элементтер және катиондардың (органикалық емес заттардың 1 бөлімінде) қосындысы нормаланады.

6. Тізбе төмендегідей тік бағаналардан тұрады:

1) тізбенің бірінші бағанасында анағұрлым жиі қолданылатын химиялық заттардың аттары келтірілген;

2) екінші бағанада химиялық заттар атауының синонимы және кейбір

үйреншікті және жалпы қабылданған атаулары келтірілген;

3) үшінші бағанада мг/л өлшенетін ҚРЕШ немесе БРЕД-тің мәндері берілген, мұндағы ҚРЕШ - қанықпаның жоғарғы дәрежесі, ол адамның денсаулығына тікелей немесе жанай әсер етпейтін (организмге өмір бойы әсер еткен жағдайда) және суды пайдаланғанда гигиеналық жағдайын төмендетпейтін заттар; БРЕД - судың уыттылығын есептеу және экспресс-экспериментальді әдіспен болжау негізінде дайындалған құбырдағы суда кездесетін заттардың болжамды рұқсат етілген деңгейлері.

7. Егер бағанада норматив мәндері "жоқ" деп көрсетілсе, онда ауыз суда аталған қосылыстың қанықпасы, сараптау барысында қолданылған әдіспен анықталатын шектен төмен болғанын білдіреді.

8. Төртінші бағанада заттардың зияндылығы белгісінің шегі берілген, ол бойынша норматив белгіленген; с.у. - санитарлық уыттылығы; орг. - судың органолептикалық қасиеттерінің өзгеру сипаттарын толық ашып көрсету (иіс - судың иісін өзгертеді; бояу - суға түс береді; көбік - суда көбік тудырады; үлдір (қабықша) - судың бетінде үлдірлі қабат құрайды; дәм - суға дәм береді; жарқылдану - судың шағылысуы).

9. Бесінші бағанада заттардың қауіптілік класы берілген: 1-класс - ерекше қауіпті; 2-класс - қауіптілігі жоғары; 3-класс - қауіпті; 4-класс - қауіптілігі о р т а ш а .

Жіктеуге негіз етіп алынған көрсеткіштер, адамға әртүрлі дәрежеде қауіп тудыратын, ауыз суды ластайтын, уыттылығына, кумулятивтігіне, бұрынғы әсерлерін қоздыра алуына байланысты зияндылық көрсеткіштерді шектеуші химиялық қосылыстар.

10. Заттар қауіптілігінің кластары төмендегілерді есепке алады:

1) ауыз суда бірінші кезекте бақылауға алынатын қосындыларды іріктеу б а р ы с ы н д а ;

2) қосымша қаржыны талап ететін, суды қорғау шараларын жүргізу кезектілігін б е к і т у б а р ы с ы н д а ;

3) технологиялық үдерістерде қауіптілігі жоғары заттарды қауіптілігі төмен заттармен ауыстыру жөніндегі ұсынысты негіздеу барысында;

4) судағы заттарды бақылауға таңдаулы әдістерді әзірлегенде, олардың артықшылығына негізделеді.

### **Ауыз судың құрамында кездесетін зиянды заттардың тізімі және олардың гигиеналық нормативтері**

---

Заттардың атаулары		Синонимдері		мг/л		Зияндылық		Қауіп.
						көрсеткіші		тілік
				норматив				класс.



## Бейорганикалык заттар

## 1. Элементтер, катиондар

Таллий	0,0001	с. у.	2
Жай фосфор	0,0001	с. у.	1
Ниобий	0,01	с. у.	2
Теллур	0,01	с. у.	2
Самарий	0,024	с. у.	2
Литий	0,03	с. у.	2
Сурьма	0,05	с. у.	2
Вольфрам	0,05	с. у.	2
Күміс	0,05	с. у.	2
Ванадий	0,1	с. у.	3
Висмут	0,1	с. у.	2
Кобальт	0,1	с. у.	2
Рубидий	0,1	с. у.	2
Европий	0,3	орг. тарт.	4
А м и а к бойынша)	( а з о т 2,0	с. у.	3
Хром ( $\text{Cr}^{3+}$ )	0,5	с. у.	3
Кремний	10,0	с. у.	2
Натрий	200	с. у.	2

## 2. Аниондар

Роданид-ион	0,1	с. у.	2
Хлорит-ион	0,2	с. у.	3
Хромид-ион	0,2	с. у.	2
Персульфат-ион	0,5	с. у.	2
